

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1944 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 наурыз N 317. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған көлік құралдары мен мүлікке қажеттілік нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1944 P991944_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 55-56, 549-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспеде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заңының 126, 131" деген сөздер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің K010209_ (Салық кодексі) 345, 351, 379" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта: ", сенімгерлік басқару, шаруашылықты жүргізу немесе жедел басқару" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жер салығын төлеушілердің көлік құралдары мен мүлікке қажеттілік нормативтерінде:

" бірінші абзацта:

"шаруашылыққа меншік, сенімгерлік басқару, шаруашылықты жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі" деген сөздер "жалпы меншік құқығында оның мүшелеріне тиесілі" деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінде осы абзацта жасалған өзгеріс қазақ тіліндегі мәтінде алдыңғы абзацта жасалған өзгерісте қамтылған;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) двигателінің көлемі қоса алғанда 2500 текше см. дейінгі бір жеңіл автомобиль";

2) тармақшада "өзінің ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, қайта өңдеу, сақтау және сату процесінде тікелей пайдаланылатын," деген сөздер алынып тасталсын

және "шабындыққа" деген сөз "егістікке" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - М и н и с т р і

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК